

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Грек мәдениетінің ерекшеліктері

ЖАРИЯЛАНДЫ
29.11.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/170787/

Эл-фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Мәдениеттану мамандығы 1 курс студенті: Нұрышбай Айзере

Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушысы:

Аликбаева Маржан Башановна

Ежелгі грек мәдениетінің ерекшеліктері

Ежелгі Грек мәдениеті адамзат тарихында маңызды орын алады және Батыс өркениетінің қалыптасуына үлкен ықпал етті. Грек мәдениеті философиядан бастап, өнер, ғылым, саясат пен әдебиетке дейінгі барлық салаларда өзінің үлесін қалдырды.

Ежелгі Грекияның ең маңызды жетістіктерінің бірі – философия. Гректер философияны жеке тұлғаның ойлау қабілетін дамыту және әлемді түсіну құралы ретінде көрді. Сократ адамгершілік пен этика мәселелерін зерттеп, сұрақ қою әдісін енгізді. Оның шәкірті Платон саясат, білім және мораль туралы көптеген еңбектер жазып, мінсіз қоғам моделін ұсынды. Аристотель ғылым мен философияның әртүрлі салаларында еңбек етіп, логика мен саясатқа қатысты бірнеше теорияларды дамытты. Осы философтар мен олардың ізбасарлары Батыс философиясының негізін қалаған.

Грек мәдениетінің екінші маңызды саласы – саясат. Афинада енгізілген демократия жүйесі азаматтарға мемлекеттік шешімдер қабылдауға қатысу құқығын берді. Бұл идеология қазіргі заманғы көптеген саяси жүйелердің негізін қалаған. Афинада азаматтардың мемлекеттік істерге қатысуы, алайда, тек ер адамдарға ғана берілді, ал әйелдер мен құлдар бұл құқықтан айырылған болатын. Бұл демократиялық идеялар кейінгі ғасырларда әлемдік саяси жүйелерді өзгертуге ықпал етті.

Грек мәдениетінің тағы бір ерекшелігі – әдебиет. Грек эпосы мен драмасы әлемдік әдебиеттің алтын қазынасына айналды. Гомердің «Илиада» және «Одиссея» эпопеялары

грек халықтарының ерлігі мен мәдениетінің көрінісі болып табылады. Грек драматургиясы да өзінің терең философиялық мазмұнымен ерекшеленеді. Эсхил, Софокл және Еврипидсияқты жазушылар трагедия жанрын дамытып, адамның тағдыры мен моральдық дилемаларын қарастырды. Сонымен қатар, Аристофан грек қоғамының кемшіліктерін сынап, комедия жанрының дамуына ықпал етті.

Өнер мен сәулет грек мәдениетінде ерекше орын алады. Грек мүсіншілері мен сәулетшілері адам денесін идеалға сай бейнелеуге ұмтылды. Фидий сияқты мүсіншілер адамның дене құрылысын өте дәл әрі әдемі түрде сомдады. Парфенон сияқты ғимараттар грек сәулетінің шеберлігін көрсетті. Грек өнері мен сәулеті үйлесімділік пен тепе-теңдікті бағалай отырып, кейінгі мәдениеттерге әсер етті.

Ежелгі Грекияның ғылым мен медицинадағы жетістіктері де аса маңызды. Гиппократ медицина ғылымының негізін қалаған, ал Архимед механика мен математиканың дамуында айтарлықтай рөл атқарды. Сонымен қатар, Пифагор мен Евклид математиканың негіздерін қалыптастырды, оларды бүгінгі күнге дейін оқып-үйренуде.

Қорытындылай келе, ежелгі грек мәдениеті өзінің философиясы, өнері, ғылымы, саясаты мен әдебиеті арқылы әлемдік мәдениетке терең ықпал етті. Олардың адамгершілік пен білімге деген көзқарасы, шығармашылық ізденістері, ғылым мен өнердегі жетістіктері қазіргі қоғамның дамуында маңызды рөл атқарды.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.